

Г. Ш. ЕЛЕУКЕНОВА

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ СЫН ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Елбасы Н. Назарбаев «Мәдени мұра» («Егемен Қазақстан» 29.11.2003) бағдарламасында «Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендер, келер үрпаққа аманаттау мақсат» екендігіне ерекше мән қоюымен қатар, тағы бірде: «Алдағы міндегі ұлт мәдениетінің ұлы тұлғасын кезеңдік бұрылыштарында тарих саҳнасына «шығара» білу де болса керек. Мұндайда әрі кең, әрі жүрдек «бүгінгі күннің даңғылынан» жүру үшін байырғы тәсіл жарамсыз болмақ. «Былайша айтқанда, өткенге мойын бұрамын деп болашағынан айырылып қалуын кәдік» – деп ұлттық интеллигенция алдында айқын мақсат, ортақ міндегі қойған болатын. Бұл міндегі орындауда көп күш жұмысалды.

Әдеби сын – творчестволық, ерекше қоғамдық-мәдени құбылыс. Тарихи тұрғыдан қарағанда дүниеге өте кеш келді. Фольклорлық мәтіндердің авторы беймәлім. Көне түрік шығармалардың авторы белгілі болса да, өзіндік қолтанбалары айқындалған емес.

Әдеби сын табиғатына байланысты автор өз есімін ашық жазбай, бүркеншек ат қолданып жазғанда да, оның пікірі тұлғасынан тыс, объективтік ақпарат рупоры болып танылмайды. Өйткені ол жеке адамның санасынан, ой-сезімінен өткен құндылықтардың таратушысы. Сондықтан сыншының жасаған түйіндері ақын-жаратушының көзқарасы мен пікірінен гөрі оқырман пікіріне жақын. Бірақ жалпы оқырман пікірі мен кәсіби сыншы пікірінде елеулі айырмашылық бар. Жеке оқырманның шығармаға деген көзқарасы тек өзіне ғана мәлім, ал кәсіби сыншының ой-тұжырымдары көпшілік қауымына арналғандығынан әлеуметтік сипат қоғамдық-мәдениеттік әрекет түрінде қабылданады. Авторлық «мен» – тарихи қозғалысты құбылыс. Сыншының жеке пікірі үстіне, жалпы шығармашылық жайында, қаламгердің мәдени дамудағы ролі хакында пікір қозғайды. Сын – әде-

биет пен қоғам қарым-қатынасы жайында, оның философиялық-эстетикалық деңгейінен хабар беретін категория.

Осы жоғарыда аталатын сынни сипаттарты ғалым-сыншы С. Дәүіттовтің «Өлең төрі» атты («Жұлдыз», 2008, № 8) мақаласынан аңғарылады. «Біз тәуелсіздік алған кезінен бастап өткен тарихымызға деңгейде кіріп, ғалымдарымыз зерттеп, жазушыларымыз жазып, ақындарымыз да жырлай бастады. Бұл тұрғыдан алғанда бұрын аты айтылса, заты айтылмайтын, терендей зерттелмеген қаншама тұлғалар жарыққа шығып жатыр», – дей келе, ол Оразақын Аскар творчествосына талдау жасайды. Ақынның жырынан:

Күлтегін, Тонықек – тегіміз,
Ежелгі түрік еліміз.
Алтайдан Алпыға дейін
Созылған байтақ жеріміз¹, –

деп үзінді келтіру арқылы Күлтегін батырдың өмірбаянынан тарихи деректерді алға тартады. Содан кейін «Естеми, Бумын деген кісілер басқарып, бірлігі мықты ел қылған екен» деген деректі келтіріп, осы тарихи мәселені де О. Аскардың жырларынан оқимыз деп ақынның төмендегідей жырларымен мысал келтіреді:

Естеми, Бумын – ер түрік,
Сөз сейле содан келтіріп.
Білге қаған, Елтеріс
Женіске жеткен жен түріп.²

Осылай тарихи мәтін О. Аскар творчествасында өз көркемдік шешімін тауып отырғанына дәлел табады. Сонымен бірге, сыншы өз пікірін толықтыру үшін О. Аскар творчествасы туралы сөз еткен Е. Ысмайлов, Ә. Тәжібаев секілді ақын, зерттеушілердің пікірлерін алға тартып отырады.

Сыншы пайымдауынша, Аскар казактың этнопсихологиясына үніліп, жылқы мен қазақ бір бүтін дүние екеніне иландырады.

¹ Аскар О. Тәуелсіздік тараулары. Алматы: Өнер, 2001. 3-б.

² Сонда. 3-б.

Күйіміз жер дүбірлеткен атқа сай,
Әніміз де «Екі жириң», «Ақбакай»³.

Қымыз болған жай таптыраар жаңынды,
Жер бетіндеге жоқ та шарап, жоқ та шай.
Мінсен – төбе, шапсан – жебе, желмая,
Сәйтүлікіз уақыт – шығын, тер – зая,
Бақсан – көлік, қар тепсе де қажымас,
Сойсан – соғым, казы-карта, жал-жая,

Жылқы жайлы үйір-үйір ертегі,
Ел тарихын баяндап сыр шертеді.

Макала авторы Оразакын поэзиясынан алған әсерін: «Бұл поэмалың ішінен алынған үзінділер, сөзінің бәрі тау бұлағында мәлдіреп тұр, сусындаі төгіліп тұр, бейне бір өз-өзінен жазылып калған дүние секілді» дей келе: «О. Асқардың жаза бастағанына аттай қырық бес жыл болған. Осы уақыт ішінде ақынның ірілі-ұсақты жиырма төрт кітабы жарық көрген» деген жазады. Макалада ақынның творчестволық лабораториясы да сөз етіледі. Ол өлеңді көбінше танертен, күн шықпай жазады екен... Бұл кездегі жазған дүниесі өзіне сәттілігімен үнайтын көрінеді. Макала оқырманға қөптеген тарихи, көркемдік, өміrbаяндық, өлеуметтік мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Азын-аулақ ескертпе ретінде айтатынымыз: макалада көрсетілген шығармалардың атын айту керек еді. Сол жағы ескертілмеген.

Жоғарыда айтылғандай, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында қазак әдебиетінің он томдық тарихын басып шығарды. Одан басқа «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 100 томдық «Бабалар сөзі» жинағы қолға алынып, оның қырық томдығы шықты. 60-қа тарта кітабы дайындалуда.

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері фольклортанушы Т.Әлібеков «Колжазбаның қоры, мәтінтанудың мәні» («Қазак әдебиеті» 22.08.2008) атты сұхбатында «Мәдени мұра» бағдарламасының барысында туған кейбір күрделі проблемаларын ортаға салады. Атап айтқанда, әдебиеттану ғылымындағы мәтінтану (текстология) саласы туралы автор: «Мен халық әдебиетінің көне нұсқаларын оқығанда: «Осы өлеңдер қайдан алынды екен?», «Кім жазып алды екен?», «Басқа нұсқасы бар ма екен?», «Шын мәнінде сол

ақынның шығармасы ма екен?» деген көзкарас-пен оқимын» деп бұл саланың ерекшелітеріне тоқталады. Өйткені мұның бәрі үрпактан үрпакқа ауызша жеткен. Мысалы, бір ақынның өлеңі екі адамның аузынан жазылып алынса ол екеуі де түрлі айтқан. Болмаса, шешендік сөздердегі бір тапқыр ойды бірде Төле би айтқан десе, бірде Әйтеке би айтты делінеді. Мысалы, бір жырши бір жырды айтты делік, оны 10 адам тындағы, ол он адам үйіне барған соң бұл жырды он түрлі орындаиды. Мәтін екпіні, сөздері өзгереді. Осын-дай мәтіндегі өзгерістердің барлығын зерттейтін, салыстыратын ғылым мәтінтану бізде өлі кенже қалпында. Сөйте тұрып маман дайындастын оқу орындары жоқ. Әдебиет және өнер институтында жинақталған тәжірибеге сүйеніп, текстолог болып қалыптастан 5–6 адам жұмыс істейді. Бұл, әрине, жеткіліксіз. Соңсоң қолжазба қорының материалдық базасы тым есікі. Тіпті микрофильмдерді оқытын құралдары да жоқ. Мәтінтану ма-мандарының өлеуметтік жағдайы нашар, жалакысы тәмен. Жас маман диссертация қорғағаннан кейін басқа жұмысқа ауысуға мәжбүр. Бұл мәселе-леке мемлекеттік дәрежеде көніл бөлінуі тиіс.

2008 жылы елімізде Шәкірім қажы Құдайбердіұлының туғанына 150 жыл толуы көнінен аталағы өтті. Осы оқиғаға арналған қөптеген макалалар жарық көрді. Шығыстанушы ғалым Ә. Күмісбаев «Шәкірім және Хафиз» («Егеменді Қазакстан», 10.09.2008) атты макаласында Шираздан шыққан Шығыс шынары Хафиздің көркем шығармаларының Шәкірім поэзиясына ықпалы туралы сөз етеді. Сонымен бірге, қазак ақынның Хафиз шығармаларынан жасаған көркем аудармалары талдауға алыну барысында, олардың тілі түпнұсқадан алшактау болса да, негізгі желіден қашықтап кетпейді. Түпнұсқадағы орамды қазақы қалыпқа түсіріп, Хафиз ғазалдарының эстетикалық-көркемдік саласын сактап, қазақша жатық баламалар жасағаны ерекше аталағы. Егер XIII–XIV ғғ. ғазал жанрының жетілуіне Хафиз философиялық ой толғап, зор үлесін қосса, Шәкірім қазақ ортасында Хафиздің сопылығын түсініп, таратып, талдаған. Сөйтіл, қазақ әдебиетіне лириканың жаңа түрін әкелген.

Бүгінгі күндері «Шәкірімтану» саласы өміrbаян және ақын шығармашылығы туралы кітаптарымен толықты. Мәселен, И. Жеменейдің

³ Асқар О. Тәуелсіздік тараулары. Алматы: Өнер, 2001. 388-б.

«Хафиз – Шәкәрім Рухани үндестігі», Д. Сейсенұлының «Шәкәрім», Е. Сыдықовтың «Шәкәрім және Алашорда» және соңғы автордың бас редакциясымен Семей қаласында басылып шыққан «Шәкәрім» атты энциклопедиясы осыған айғақ.

Сыншы Саят Таңатардың «Жиендік жолы осы деп...» («Әдебиет айдыны» 05.07.2007.) атты мақаласында: «Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы сәттен бастап әр аймақ, облыстар мен ауданның, тіпті ауылдардың еткен тарихы, бүгінгі шежіресін жазу және оны неғұрлым жылдамдай жариялау үрдіске айналды. Сондай аймактағы аса сыйлы, құрметті азаматтар, ардагерлер, елге енбегі сінген адамдар тұтас галлереясы жасалды деуге болғандай. Басқа елдердің кім білсін, бұл жағдай алаш жұрттыңда үздіксіз және үндемелі түрде тасқындаш келе жаткан үрдіске ұласуымен қатар, ерекше құбылыс ретінде қалыптастып отыр», – дейді. Сыншы сөзінің жаңы бар. Ресей теледидар бағдарламасында «Минута славы» («Данқ сәті») деген ойын сауық хабары журеді. Оған катысатындар – қарапайым, қатардағы көркем-өнерпаздар. Өнер шеберлігін көрсетеді, үздік шыққандары бағалы сыйлықпен марараптады. Қазақстан теледидарының мүмкіндігі Мәскеумен салыстырғанда қаражат жағынан әлдеқайда шектеулі. Алайда казак бәріне жайбаракат қарамау керек. Бұл мәселе бүгінгі күндері қалам иелерін қатты қапаландырып отыр. М. Кенжебай «Абайымыз көзден бұл-бұл ұшып журмесін» атты мақаласында: «Қанша жерден жаңа әдебиетті, тәуелсіздік әдебиетін жасап жатырмыз деп жалауласақ та, жас ақын-жазушылардың форумын, мұшайралар, бәйге, жарыс өткізіп жатырмыз деп жар салсақ та әдебиетіміз күн санап ауруы мендеген адамдай әлжуазданып барады. Тіпті, сол мұшайралар мен мерейтойлар кезінде қайыр тілеген қайыршыдай сұнқылдаш сыйлық сұрап жазылған арнаулар, өтірік мактаулар, телеарнадан жүйелі түрде жүргізілетін «Айтыстар» поэзияны азғындастып барады» деп күйінеді («Ана тілі», 25.10.2007). Одан бұрын Тараз қаласына 2000 жыл толуына орай аланда Абай мұсіні орнатылыпты. Бірақ, мұсіннің көркемдік-әстетикалық сапасы төмен болып шыққанын Абай ажары танылмластай өзгерілген екен. Осы туралы Ж. Ашұлының қаламынан шыққан сын мақаласынан оқуға болады («Қазақ әдебиеті», 20-25.10.2007). Заманы-

мыздың занғар тұлғасы Абай: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» – деген. Бүгінгі күнгі замандастарымыз осыны мықтап жадында сақтауы керек.

Сөз өнері – әлемтанудың көркемдік формасы. Ғылыммен үйлесімді бірігіп, әдебиетті әлемтанудың қуатты құралы болып қызмет етеді. Әдебиет әстетикалық әлем ішіндегі ең менгерілген пән. Оны білу көркемнөрдің жалпы заңдылықтарын түсініп зерттеуге көмек етеді. Шебер сыншы қаламынан шыққан шығарма автордың мәдени тұлғасының қандай дәрежеде екенін танытады. Осы ретте С. Қирабаевтың «Кенес дәүіріндегі казақ әдебиеті: дәүірлеу мен жаңаша пайымдау» атты мақаласын талдап көрейік («Егемен Қазақстан», 1999, 16 шілде). Бұл макалада казақ сөз өнерінің 1920–1990 жылдар аралығында қалыптастып дамына талдау жасалады. Сыншы казақ әдебиеттің тарихын жаңаша жүйелейді. 1917 жылы Ресей мемлекетінде болған ақпан, қазан тәңкерісінен кейінгі казақ кенестік әдеби даму жолын бүгінгі тәуелсіз мемлекет биігінен сипаттайды.

Көркем туындылары кенес дәүірінің идеологиялық ықпалында болса да, қазақ халқының үлттық тұтастығы мен бақытты болашағы үшін еңбек еткені әр жазушының туындысынан айқын көрінеді – деген ойға бастайды. Академик Қирабаевтың осы және басқа да макалалары көп сыншыларымызға үлгі. Тәжірибелі қаламгер өзі ірікеп алған проблема мен материалды жүйеге келтіріп, оймен түйінді жасайды.

Біздің ағымдағы сынға жетпейтіні осы ғылыми терендік. Ж. Елшібек «Алдаспан» («Егемен Қазақстан», 2006, 26 сәуір) макаласында белгілі жазушы Мұхтар Мағауиннің шығармашылығы жағында әссе жазған. (Әссе – бір нәрсенің әсерінен болған толғаныстан туған шағын шығарма⁴). Әссе тақырыбы «Алтын жұмыртқа», «Әдебиет археология», «Жазығы жақсы жазғаны ма?», «Маған өз қаламдастарым қымбат», «Жазушының ерлігі» деген тараулардан құрылады. Сыншы көбінесе өз пікірін білдіруден гөрі жазушының айтқанын қайталай береді. Автор өз пікірін тек пафосқа құрады. «Қылыш шағында-ақ әдебиет көгінен жарқырап шалынған Мұхтар Мағауиннің жұлдызы бүгін де тым биқтен, тым дара көрінеді. Қырық жылдан кейін баспасөз бетін көрген бозым қаламынан туған «Бір уыс бидай» аталатын

⁴ Қазақ тілінің сөздігі / Ред. басқарған Т. Жанұзаков. Алматы, 1999. 773 б.

әңгімеден бастап, байсал тұста жазылған «Қыпшақ аруы» психологиялық өфсана хикаятына дейінгі аралықта қалың оқырманның рухани жаунарына айналған талай тамаша туындылар жазушиның аты-жөнін Темірқазықтайдай әйгілегені күмәнсіз ақиқат. Еш күбілтемелей, мінгірлемей мойындаған жөн», – деп жосылта береді. Мұхтар Мағауиннің творчествосы мен таланттына оқырман сенімсіздік білдіретіндегі. Орыс классигі А. С. Пушкиннің «Мудрецам дары не лестны» деп айтқанында, шын талантты, дарынды жазушиға мақтау мен мадақ бар ма? Сыншының мақсаты – жақсы туындының өз оқырманына жол табуына жәрдем ету ғой.

«Суреткердің даралық стилі көрінетін маңызды буын ретінде портрет уақыт занұлдықтарына сәйкес ортақ бір бағыт, әдістің ішінде жалпыға тән сипаттар жинақтайды. Алайда бұл тәрізді қалпыдағы талаптар каламгердің қасиетін мансұқ етпейді»⁵. Бұл жайында С.Мұқановтың төмендегідей пікіріне жүгіну абзат: «Шығармалар жаза жүре, менің нақ осы Абайдай қиналған еңбегім болған емес. Абай туралы мен көптеген мақала және қалың монография (Жарқын жұлдыздар) жазған адаммын ғой. Сондықтан энциклопедияның ұсынғанын кідіріссіз қабылдай койған едім. Ал, мақалаға қіріссем (өсіреле әнциклопедия үшін) Абай туралы кітап жазудан, бұны жазу өлдекайда киын болып шықты. Бұнда шұбыртпалы жалпы сөз емес, конкретті фактілерге ғана тоқталып, соларға нақтылы баға беру кажет екен және Абайдың сөзіне сүйене отырып... Бұл жағынан қарғанда, Абай бұған дейін маған «теңіз» көрінсе, енді «Мұхит!» Соның түбінде тұнып жатқанын сүзіп көр! ...Абайға мен қарайтын тұрғыдан көретін әдебиетші жоқ па. Мақтанайын: о заман да бұл заман Абайға марксизмді үйлестірген менен басқа сыншы болған емес. Бұл «менменсү» емес – факт... Әсіреле: с одной стороны, с другой стороны – деген жақсы, жаман жақтарын салыстырдым. Тағы да «мақтанайын» – шыққан сияқты»⁶, – деп автор татымды талдау жасайды. Көркем шығарма мен сын шығарма айырмашылығына мән береді. Өз мақаласының жанрлық ерекшеліктері жағына назар аударып, энциклопедияға арналған мақаланың қасиеттеріне тоқтады. Социалистік реализм тұрғысынан Абайдың

шығармашылық жолын кеңестік идеологиямен үйлестіріп жазады. Әрине, бұл хат жеке адамға арналаған.

Қазақстан тәуелсіздік мемлекет болғанынан бері егеменді елдің ұлттық әдебиетінің тарихын жасау міндеті күн төртібіне қойылды. 10 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» бас редакторы С. Қирабаев осы енбекті өткен ғасырда шыққан зерттеулермен салыстырады. Атап айтқанда, «аталған енбектерде казақ әдебиетінің ұлттық сипаты жеткілікті ашылмай, көп ұлттық кенес әдебиетінің бір бұтағы ретінде қаралуы, екіншіден, ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, тіпті тарихымыздың жаңа беттер қосқан талантты ақын-жазушылар тобының кірмей қалуы, үшіншіден, кеңестік атаулының бәрі көркемдік табыстары мен ізденістерінен бөлініп алып жадағай макталауы» – деген. Он томдықты жазу барысында әдебиеттану тарихына енбекі сіңген ғалымдар жұмылдырылды. Оның ішінде өмірден ерте кеткен М. Базарбаевтың «Мағжан Жұмабаев», «Жұбан Молдағалиев» секілді ақындардың шығармашылығы жайында жазылған әдебиет портреттері енгізілді. Атальған енбектің 9-томына «Илияс Есенберлин», «Т. Ахтанов», «Әбдіжәміл Нұрпейісов», монографиялық тарауларды филол. ғ. д., профессор Ш. Елеуkenов жазды. «Қадыр Мырза Эли» туралы филол. ғ. д., профессор Ә. Нарымбетов, филол. ғ. д. Ж. Ысмағұлов «Faғы Қайырбеков», филол. ғ. д., профессор А. Егеубаев «Мұқағали Мақатаев», филол. ғ. д., профессор Б. Ыбырайым «Сырбай Мәуленов», ө. ғ. д., профессор Б. Құндақбаев «Қалтай Мұхаметжанов», филол. ғ. к. Г. Орда «Әбіш Кекілбаев», «Шерхан Мұртаза», филол. ғ. к. Н. Ақыш «Хамит Ерғалиев», «Мұхтар Мағауин», филол. ғ. к. Г. Балтабаева «Сәкен Жұнісов» әдеби портреттер авторлары.

Откен ғасырдың алғашқы кезеңдерінде Алаш азаматы, жазушы Ж. Аймауытов: «Қазақ асарын асап, жасарын жасаған, мәдениеті көпей ел: табиғат сырына ақылы жетіп болмаған, бақташи, диханши ел, дін тұмандынан (суеверие) әлі ажырамаған ел; жан дүниесі, ой жүйесі, рух әлемі жана қалыпқа әлі қалыптанып жетпеген ел; ұлттымыздың сезімі кемелдене келмеген ел; тапшылдық, әлеуметшілдік пікірін жаңа ғана естіп отырған ел. Откендеңігі хандардың, билердің,

⁵ Майтапов Б. Портрет поэтикасы. Алматы, 2006. 4-б.

⁶ Ә. Нұршайыковқа // Өмірбаяндық өрнектер. Алматы, 2002. 155-б.

батырлардың жырын жырлап, ақыл ой ертегімен қиссамен, киялмен суарылып келген ел, ескі өкімет зорлығын көріп, жерінен, еркіндігін айырылған ел; сондықтан қазақ әдебиетінің бұл күнгі бағыты сарындылық, кала берсе нағызыздылық бағытта болуға тиісті», — деп жазған. Сонымен бірге автор әдебиет сыншы міндепті жайында сөз қозғайды. Ж. Аймауытовтың ойынша, «ешкім мына бағытты алсан деп күштей алмайды, оны тұрмыс, тарих ағымы өзі белгілейді. Сыншының міндепті барды бар, жоқты жоқ деу, бұлай болса тәуір болады еді деп тузеу, жөн сілтеу, нақтырақ жазушыға жәрдемдесу» деген. Бұл мақаласында автор көп мәселелерді көтеруімен қатар, оқырман аудиториясына құрмет, ықыласын көрсетеді.

Кейбір қазіргі заман мақалаларына жетпейтін – ой теренділігі мен оқырманға деген ізеттілік. К. Тәуекенов «Неге өз атымен атамаймыз?» атты мақаласында («Егемен Қазақстан», 25.04.2007) өте маңызды проблема көтереді. Атап айтқанда, қыздар тәрбиесі жайында «Шынын айтсам, ұлтымыздың болашағына нұқсан келтіріп жүрген мәселені ышқына, жан-айқайына салып айтқым келіп, қолыма қалам алсам да, ойым сан-саққа кетіп біраз әуреге түсіп отырған жайым бар. Сол бір мазасыз сөтте кейде өзімді қасқыр мінезге салып шайқап тастағым келеді. Байқаймын, осынау намысымызға тиетін жайсыз жағдайлар өзімізді жаншып, езіп жатса өзіміз үйреніп «мынқ» етпейтін хәлге жеткендейміз», — деп кейінкіреп жазады. Мәселе мынандай келенсіз бір жағдайдан өрбиді екен: «Кешкісін үйімнің іргесіндегі саябақта бой жазып серуендер жүрсем, жәуді-реген тостағандай қара көзді, қыпша бел, сұлу, көрікті «қызымыз» бет-ауызын жұн басқан, мосқал тартқан ұсқынсыз, конқиған мұрны бар, жұнді саусағында қолапайсыз баттиған жұзігі жарқыраған әлде біреумен жабыса құшактасып сүйісіп тұр», — дейді. Автор қыздың ұлтын тек бет-келбетінен ғана аңғартады (мұмкін бұл казак қызы емес те шығар?). Бірақ осындағы суреттемеден кейін: «Қыздың әке-шешесі қайда қарайды?» — деген сауал қояды. Қыздың әке-шешесі бар-жоқтығын білмеген кісі — Ұлттық хал-ахуалымыздан бірақ шығады. Содан кейін әйелді неге өзбектер секілді «қатын» деп атамаймыз деп алас үрады. Қазақ тілінің өз занылықтары бар емес пе? Ескі түркі тілінде «хатун» деп ханым, бәйбішені атаған болатын. Бұл сөз қазақ тілінде өзгеріске тап болып, кейінгі кездерде карапайым

тұрмыс тіршілігі бар тұрмысқа шыққан әйелді ататын болды. Кейде менсінбеу, елемеу түрде қолданылады. Ж.Аймауытов: «Әйел кісіге бір ауыз қатты сөз айтуға үялады. Бұзыққа кісі өлтіру бұйым емес. Мұны қылған кім? — Тәрбие» — деген, өзінің «Тәрбие» атты мақаласында (Абай, 1918, №1-2, 10-21-бб.). Қазақ зиялымыздың осы секілді асыл сөздерін жадымызға сактап, ұлттың ең құнды қасиеттерін дамытуда қызмет ету — әр адам үшін биік абырой. Сондықтан өркім өзінен бастауы абзал. Соның ішінде қалам ұстап, өз пікірін жүртшылыққа жария ететін автор, өз сөзіне жауапкершілікпен қаруы жөн. Әзірше, бұл оқырман талабы орындалуы да біркелкі емес. «Көзқарас» айдарымен жазып кейбір авторлар «түймедейді» «түйедей» ғып өсірелеуге бар. Сондықтан «қадірменді оқырман» үнсіз қалады.

Бүгінгі қоғам санасты қылы-қылы қөзқарастын қоғамы. Дін мен ділдің, тіл мен рухтың тармақталып кеткен сан тараулы қатпарлары баспасөз бетінде жарияланған көптеген сын мақалалардан аңғаруға болады, жиі жиналып тұратын той-томалаш дастархандарынан қорініс береді. Бүгінгі болмыс туралы «терен толғанатын» авторлардың басым көпшілігі «Алла» деген сөзге тым өуес. Ал оқырман имандылық жолына мұлде берілгеніне сене ме? Арақ, шарапқа толы дастархан устінде отырған аксақалдан бата беруді, ас қайыруды сұрайды. «Устами праздными жевал он имя Бога, а в сердце грех хронил» деген класиктің сөзі дәл осындағы сөтте еске түседі.

Алла деген сөз женіл
Аллаға ауыз жол емес.
Бінталы жүрек, шын көніл
Озгесі хаққа қол емес. (Абай)

Жұыкта «Қазақ әдебиеті» (10.02.2008) газеті «Дөңгелек үстел» өткізді. Құптарлық іс. Бірақ қазіргі әдеби процестің ерекшелігі жөнінде бәріне қойылған сауалдың біріне нақтылы жауап айтылмады. Бүгінгі бір жазушының шығармасы атальмады. «Дөңгелек үстелде» көркем әдебиет Мемлекеттік сыйлықпен өлшенбейді деген пікір айтылды. Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттары естерінде қалмаса, оның шығармасына көз салмағаны ғой.

Мемлекеттік сыйлықты талантты автордың еңбегі иеленбеді деп қапалану орынсыз. Мәселең, марқұм А. Егеубаевтың еңбегі сыйлықтан тысқалса да, әдебиеттану ғылымында өз орнын

иеленді. Кезінде Л. Толстой Нобель сыйлығынан құр алақан қалды. Шығарманың қасиеті алған жүлдесіне қарап бағаланбайды ғой. Кездейсок шығармалар мемлекет тарапынан жоғары бағалаңады деуге келісу қын. Қазылар алқасы талғамсыз, білімсіз адамдардың жиынтығы емес. Қазіргі талғам өлшемімен Хамза Есенжановтың «Ақжайығы» мен Ғабиден Мұстафиннің «Ой өуендері» атты мақалалар жинағына баға беру қалай болады екен? Аталған шығармалар өз уакытында өзіне жүктелген міндепті толығымен атқарды. Әр дәүір өз қаһармандарын тудырады, соған лайық шыраймен туғызады.

Жоғарыда аталған сұхбат қатысушыларына «Қазак әдебиетінің» 2008 жылы 21 қарашадағы жүргізілген сұхбат мүлде керегар. «Әдебиет тоқыраса – азады» деп аталған бұл сұхбатқа қатысқан жазушылар – Мархабат Байғұт, Есенғали Раушанов, Эрнест Төреканов. Биылғы жылы Мемлекеттік сыйлықтың қаламгерлерге берілмеуі қоғамның әдебиетке деген көзқарасының нем-құрайлығын көрсетпей ме? деген сауалға ақын Есенғали Раушанов төмөндегідей жауап қайтарады. «Биыл сыйлықтың берілмеуі дұрыс емес. Серік Аксұнқарұлы, Несілбек Айтұлы да лайықты ақындар еді» деген. Есенғали ақынның өзі атап отырғандай, «Ұлы Мұқан» жыл келгендей жана-лық сеземіз» деген ақын Қадыр Мырзалиев шығармашылығы жайында. Ал, биылғы талапкерлер жайында осыны айтуға бола ма? Бұл сауалға жауап жоқ. Сондықтан Мемлекеттік сыйлыққа лайықты деген пікірді алдымен дәлелдеу жөн емес пе? Әр килем дүниеге де жаңа көзкарас білдіруге болады. Және бір ескертетін жайт, сыншылар үлтік көркем өнер туралы сөз еткенде, өмірден өткен, классик шығармаларына жүгіне береді. Сол Есенғали Раушанов аталған сұхбатында Мемлекеттік сыйлықтың берілу тәжірибесін қайтадан қараған жөн дей келе, өмірден өткен жазушылардың есімдерін тізіп шығады.

Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған авторларға талап қүшетту мәнісі – қоғамның әдебиетке деген талғампаздық дәрежесінің өскендігін көрсетпек. Оқырман талаптарына сай көркем шығарма ескерусіз қалмайды.

Орыс жазушысы М. А. Булгаковтың: «Никогда ничего не просите. Сами придут и все дадут» деген сөзі де ойландырады.

Газеттің кезекті «дөнгелек үстелінде» («Қазак әдебиеті», 4.04.2008) қазақ әдебиетінің болашағы

туралы болжамдар айтылды. Талқылау үстінде бір байқалатыны нактылы әдеби процестің құрделі проблемалары туралы ештеңе айтылмайды. Орнына Латын Америкасы мен жапон әдебиетіне көп тоқталды. «Алматыда Орта Азия мен Қазақстанның, арысы бүкіл түркінің әдебиеті мен өнерінің Меккесіне, кемі Парижіне айналдыруға болады ғой», – деген қеудемсок ұсыныс айтылды. Қазақ әдебиетін шет тілдерге аударуымыз керек екендігі сөз етілді. Бірақ қандай шығармалар төржімалауға лайықты деген сұрап туралы ешбір сөз болған жоқ. Сөйлеушілер жеке өріптестерінің шығармашылығын үстірт салыстырудан өрі аспады.

Мәселен, «Мағауннің өзі біздің Хулио Картарасымыз, Хемингуэйіміз һем Кавабатамыз емес деп кім айта алады!» деген сияқты. Бұл ескі жарапазан. М. Әуезовті орыс жазушыларының бірі «Шығыс Шолоховы» деп атаған секілді. «Дөнгелек үстелге» қатысушылар қазақ әдебиеті әлем әдебиеті деңгейінде танылмаған аударманың жоқтығынан деп біледі.

Егемен Қазақстан газетінің 2008 жылғы 8 акпанды жарияланған «Ендігі сөз елдің өзінде» атты мақалада: «Өнер өмірге ілеспей отыр. Соның салдарынан көбіне көп біздің оқырмандарымыз өз сұранысын өзге елдердің рухани қазынасынан қанағаттандырады, біздің көрермендеріміз экраннан өзге өмірге көз тігеді, өзге кейіпкерлерге еліктеиді, біздің тындаушыларымыз жат сарынға жатып жабысады» деп жазылған.

Бұған жауап ретінде «Жанашырлық жетіспейді» деген жазушы С. Ләмбекұлының хаты жарияланды («Егемен Қазақстан», 1.03.2008). Автор кітап таралымын жазғытұрғы әр жерде жауыннан қалған қакқа ұқсатады. Алматыда шықкан кітаптар Жетісүеғ жетпейді; Астана басылымда-рының өнімдері Арқадан артылмайды; Атырау жақта жарық көрген дүниелер Сыр бойынан бері сырғымайды; Өскеменде басылған әдебиеттер Шынғыстаудан бері өтпейді. «Бұлардың асылы мен жасырын айырады дейтін Жазушылар одағы әдеби жыл қорытындысында әр жанр бойынша белгіленген баяндама жасаушылар қолына түскен бес-алты кітапқа сүйеніп әдебиет ағымына баға беруге өрекеттенеді», – деп сыйнайды. Әдебиет сыншыларының да әдебиет ағымынан бойларын аулақ салып, тым-тырыс жатқанын атап өтеді. Солайы солай болған екен. Сыншылар басылып шыққан әдеби шығармаларды көрмесе, қолына ұстамаса қайтеді. Автордың айтуынша, ол бір өзі

Астана, Алматы, Қарағандыда алты кітап шығарыпты. Қаламгер: «Одак мүшелерінің 600-і Оңтүстік Астанада тұрады», — дегендей, әрқайсысы 6 кітаптан шығарғанда, әрқайсысынан барып кітап сатып алуға сыншылардың мұршасы келмейді.

Мұнда да автор бірден Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттарына сенімсіздік білдіреді. Бұл да бос сөз. Өйткені осал шығармалардың аты аталмайды. Бұл – бір. Екіншіден, лауазым мен мансаптық қызметке барлық қаламгерлердің бірдей қолы жете бере ме?

Әдебиетке, өнерге, елге енбегі сінген тұлғалардың шығармалары ғана Мемлекеттік сыйлыққа лайықты деп бағаланатынын тағы да ескеру кажет. Ол үшін лауреаттардың шығармаларын ең алдымен оку керек. Қазақ қаламгерлері өз елінің, мемлекеттің сыйлықтарын, басқа да белгілерін сыйламаса, бағаламаса, оған кім кінелі?

Соңғы кезде ғылыми атакқа, дәрежеге ие болған авторлар сынға араласпайды деген пікір баспасөз беттерінде жиі айтылып жүр. Бұл шындықтан алыс. «Не оқып жүрсіз?» деген айдармен («Егемен Қазақстан», 26.02.2008) филол. ғ. д. К. Ергебектің «Ханның камқа тоны» атты рецензиясы осы айтылғанға дәлел. Рецензия «Абылай ханның камқа тоны және Байдалы би» («Күльтегін» баспасы, 2007) кітабы туралы. Филол. ғ. д. Г. Пірәлиеваның қаламынан туған «Әйел. Ана. Махаббат» («Әдебиет айдыны», 21.02.2008) атты мақаласында жазушы Бексұлтан Нұржекеевтің «Күнелі махаббат» атты повесіне әдеби талдау жүргізеді. Зерттеуші шығарманың идеялық, такырыптық проблемаларын сөз етумен қатар, теориялық байладар жасайды.

«Жұлдыз» журналының 2008 жылғы 2-санында филол. ғ. д. Б. Жетпісбаевың «Тұрмыс пен болмыс жаршысы» атты мақаласы жарық көрді. Бұл зерттеуде ғалым-жазушы Хасен Әдібаевтің тәуелсіздік кезінде басылып шықкан «Отырар ойраны», «Өмір-дария» атты романдарына талдау жасалған. Сонымен бірге, жазушының өмірі мен шығармашылық қызметін тұтастай ала отырып, автор «өз замандастарының жан дүниесін ашып, жақсылықтың мәнгі салтанат құратынына сеніп, Тұрмыс пен Болмысты бір арнада қарастырған жазушының адамға деген махаббаты шексіз» деген пікір түйеді.

Филология ғылымдарының докторы Б. Майтанов «Абайдың жұмбағындағы ажарлау сөз»

атты мақаласында («Қазақ әдебиеті», 28.03.2008) Рамазан Тоқтаровтың роман-хамасын талдауға арнайды. Эрине, газеттің бір бетінде көлемді романның көркемдік-эстетикалық, жанрлық ерекшеліктерін қоғамдық қауымға жеткізу онай емес.

Мақала авторы Р. Тоқтаровтың шығармашылығындағы кейіпкерлердің ішкі ой ағымы, реминисценция, аллюзия, интертекске бейім модернистік бағдар секілді бейнелеу нақыштарынан сөз етеді. Қалам иесі қазіргі уақыт оқырманының білімі, мәдениет деңгейінің анағұрлым өсуіне байланысты күрделі әдебиет туралы ғылымның пән сөздері мен тіркестерін жиі қолданады. «Әйтседе үтқыр тенеу, метафора, эпитет, аллегория, синтаксистік параллелизм сиякты көріктеу құралдары баяу қалыпты ырғақ арнасында өзіндік экспрессивтік бояу нәрімен көз тартады», — деп жазады.

Әдебиеттану ғылымы көркем әдебиет үшін қызмет етіп келеді. Соның ішінде шығармашылықтың қыр-сырын, бағыт-бағдарын, дәрежеденгейін көрсетіп, жетістіктері мен кемшіліктерін бағамдап отыратын сын мәселелерінің орны бөлек. «Ол оқырман мен қаламгерді, аядай аумағымыз бен ғаламшарды жалғастырып тұратын көпір» деп жазады Бек Сүйіндік «Сын» журналы жарық көрді» деген хабарламасында («Әдебиет айдыны», 2.03.2008). «Гогольді Тургенев танытқан жок, Белинский түсіндірді... Әдебиеттіміздің үлкенді-кішілі табыстарын сол табыс-келіс ретінде талдап, саралап, жұртшылығымызға танытып беру, дәл бағасымен әділ таразы боп өлшеп, айрып беру – сыншылар мен әдебиетші жолдастар, сіздердің міндеттерініз... Осымен қатар, тағы еске сала кететін жайт бар... Әдебиет нұсқалары туралы сын жазғанда шебер, шешен тілмен жазу керек. Жазушының шеберлік қасиетін, өнерін орында талап еткен шақтарының сіздерден жазушы да өнерлі, өнегелі, шебер тілмен жазылған алғыр, орамды шешен сынды талап етеді» деген Мұтар Әуезовтің сөзін алға тарта отырып, уақыт және қаламгердің тынысын аша түсітін «Сын» журналы Қазақстан Жазушылар одағының әдеби-сын басылымы жайында сөз етеді. Журнал Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалиннің құттықтауымен ашылды. «Көңіліміздегі көрікті ой көркемдіктің көрігін қыздырады. Тіл өнерін дертпен тен санайтын халықтың талғам таразысы да адалдыққа жүгінеді. Әдебиет ардың ісі десек, сол әдебиеттің арын қорғап, барын

бағалап, адамдықтың алдаспанын жарқырататын жанр – көркем сын. Туғанына жақпай қалса да Тура бидің сөзін айттар, қара қылды қақ жарап сыншы – әдебиеттің бағы. Еліміз еркіндік алған бүгінгі күні бұл әсіресе керек.

Ұлттық сөз өнеріміздің өрнек жайып, жаңа өрістерден көрінуі де өткен ғасыр бедеріне айрықша рөл атқарған қазақтың көркем сыны – қазір де көрікті қазынамыз болып отыр. XX ғасыр басындағы Алаш арыстары мен ұлттық көркем ойымыздың алыптары тудырып, бастандырған

реалистік-психологиялық әдебиетіміздің іргелі табыстары, игілікті іздерін 1960–1970 жылдары кіндік кесіп, кең арна тартқан жаңа интеллектуалдық әдебиетіміздің жарқын жетістіктерін терең танып-талдап, жарқыратып ашуға мүмкіндік берген ақсақал – аға буын, орта буын, жас толқын сыншыларымыздың әр жылдарда қаламынан шыққан келісті де кенеулі мақалалар – соның айғағы. Жаһандану бел алып түрған бүгінгі күні де қазақ әдебиетінде көркем сынның алатын орны ерекше.